

9 сынып ата-аналарына арналған ұсыныстар

Мамандық тандау – жауапкершілікті қажет ететін маңызды іс. Мамандық тандай отырып, алдымен баланың қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына қарау керек, содан кейін барып жанұялық салтпен санасуға болады.

1. Балаңыздың болашақ мамандығын таңдауына мүмкіндік беріңіз.
2. Оның тандаған мамандығына деген көзқарастарыңызды бірге отырып талқылаңыз.
3. Мамандық таңдар кезде, тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттануын да естен шығармаңыз.
4. Болашақ мамандық таңдар кезде, балаңыздың сол кәсіпке деген жарамдылығын да байқаңыз.
5. Егер мамандық тандау барысында қарама-қайшылық туындап жатса, кеңесші адамдармен ақылдасыңыз.
6. Мамандық тандауда балаңызды қыспалай бермеңіз, әйтпесе бұл жанжалға әкеп соқтыруы мүмкін.
7. Балаңыздың арманы орындалуы үшін, оған барынша қолдау көрсетуге тырысыңыз.
8. Егер балаңыз мамандық тандауда қателескен болса, ол үшін оны кінәламаңыз, оны жөндеуге болады.
9. Егер балаңыз қандай да бір мамандыққа ертеден әуестене бастаса, оған үйірмелер, әдебиеттер және әр түрлі сабақтардың көмегімен осы қызығушылығын сақтауға мүмкіншілік беріңіз.
10. Балалар өз ата-аналарының мамандығына қатысты мамандықты таңдауы мүмкін екенін есіңізде сақтаңыз .

